

**"2024 жылғы 8 – 14 қыркүйекте Астана қаласындағы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құру туралы
" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы 13 шілдедегі № 108-ө
өкіміне өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2024 жылғы 26 наурыздағы № 36-ө
Өкімі

"2024 жылғы 8 – 14 қыркүйекте Астана қаласындағы V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық және оны өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетін құру туралы
" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2023 жылғы қарашадағы № 108-ө
өкіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген 2024 жылғы 8 – 14 қыркүйекте Астана қаласындағы
V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына дайындық және оны өткізу жөніндегі
ұйымдастыру комитетінің құрамында:

тақырыптың орыс тіліндегі мәтініне өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін
өзгермейді;

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төраға" деген жол
мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары, төраға";

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі, төрағаның
орынбасары" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі, төрағаның орынбасары"
;

"Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене
шынықтыру істері комитетінің төрағасы, хатшы" деген жол мынадай редакцияда
жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене
шынықтыру істері комитетінің төрағасы, хатшы";

"Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі" деген
жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі";

"Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму
вице-министрі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министрі";

"Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министрі" деген жол алып
тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК